

Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер
кітапханасы

Мекен - жайымыз: Ақтөбе қаласы,
индекс 030007,
М.С.Прохоров көшесі, 11- үй.
Тел./ факс 7(7132) 50-44-48, 53-01-10,
эл. почта: labrari@mail.ru.
Сайт: www.aktobeoub.kz
Инстаграмм: [biblioteka_zhienbaeva](https://www.instagram.com/biblioteka_zhienbaeva)
www.facebook.com/bibliotekazhienbaeva

Кітап. Кітапхана. Кітапханашы.

(нақыл сөздер, афоризмдер жинағы)

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС
БӨЛІМІ



Кітапхана гимні

Г.Н.Калдина

Мақсаты анық, таудай асқақ талабы,
Армандарға жетелейтін баланы.
Білім іздеп, жолыққанға жол ашар,
Кітапхана –қазынаның аралы.

Қайырмасы:

Білімге өшпес шырақ жағамыз.
Биікке өрлеп тұрақ табамыз.
Асылдар сөйлеп, ғасырлар сөйлеп,
Көркейе берсін кітапханамыз.


Абай-Мұхтар әлеміне шақырған,
Кітапхана айналайын атыңнан.
Бұл аралға алтын уақыт арнаса,
Асыл ойға кенеледі оқырман.

Қайырмасы:

Мінсен болды білім атты кемеге,
Бар кітаптың әрбір сөзі –өнеге.
Бағаласаң бар әлемнің байлығы
Балбұлағы кітап тұнған сөреде

Адам өз қабілетінің қандай екенің бір
іске кіріскенде ғана біледі.

Кіші Сенека Данышпан



КІТАПХАНАШЫ ҚЫЗДАР

Әні мен сөзі Қазыбек Мыржандікі

Кәсібін тапқан кітапты сүйіп,
Танымы терең, өресі биік.
Кітапханашы қыздар-ай әсем,
Оқырмандарды қарсы алған күліп.

Қайырмасы:

Қазақтың тілін, дәстүрлі, салтын,
Дәріптеп жүрген жандар-ай жарқын.
Жалт еткен отты жанары қандай,
Алаулап жанған ажары қандай?!
Жанында шуақ,
Көзінде нұр бар,
Кітапханашы қыздар-ай, қыздар!

Сөздерден асыл жыр ескен жандар
Кітаппен күнде тілдескен жандар.
Кітапханашы қыздар-ай көркем,
Парасат үшін күрескен жандар.

Қайырмасы

Көп білсең оқып, әр істі андап,
Арманға биік ұшарсың самғап.
Ел дауын шепкен шепендер аз ба,
Өнеге алсын ұрпақтар жалғап.

Қайырмасы



Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Абай Құнанбайұлы



**“Кітап- ақылына ақы сұрамайтын
алтын қазына”**
Әлішер Науаи



**“Кітап - үйдің
ашулы тұрған
терезесі”**

Расул Ғамзатов



**“Кітапхана тірі болса – халық та тірі,
Ол өлсе – біздің өткеніміз бен болашағымыз да
өледі”**

Д. Лихачев

Кітапхана – білім мен ғылым ордасы. Бұл демалуға, ойлануға, әрине көп нәрсе білуге болатын жер. Кітапхана – ғылым отаны.

Кітапхана – бұл күнделікті өмір. Бұл әлемге және оқиғаларға апаратын есік. Мұнда біз сөз шеберлерімен кездесеміз.

Кітапхана – рухани демалып, бұл бұрын білген және білмегенді танытын керемет жер.

Кітапхана – бұл ғылым жұмағы!!! Көп оқыған, көп білер!!!

Кітапхана – басқа әлемге апаратын жол. Әрі, мұндай әлем өте көп, әрқайсысы мұнда өз әлемін табады. Бұдан басқа ол таусылмайтын білім көзі. Кітапхананың бары қандай керемет!

Кітапхана – сүңгіп, барлық мәселелерден арылатын білімнің үлкен дариясы!



Кітапханашыға қажет өмір даналықтары

Істің басталғаны -жартылай істелгені.

Гораций

Үнемі жетілуге ұмтылу -әркімнің құқығы.
Ол -оның жеке наградасы.

Махатма Ганди

Істің ақырын ойла, әңгіме әдемі бастауда
емес, табысты аяқтауда.

Бальтасар Грасиан



Қателікке ұрынбас үшін, тәжірибе жинау
керек, тәжірибе жинау үшін, қателіктер
жасау керек.

**Питер бойынша біліктілік
принципі**



Бұрынғылар оқитын кітап таппай қиналушы еді; қазіргілер кітап таңдай алмай дал болуда. Шынайы еңбек үшін аса зейінді болмақ керек.

Джон Леббок




«Мен кітапхананы
ақыл-білім, адамгершілік
ордасы деп білемін. Ал
кітапханашыларды
ешқашан жоғалмауға
тиісті сол асыл
қазынаның сақшылары
санаймын»

Ә.Кекілбаев



Кітаптар – сөйлемейтін
ең адал достар:
олар – әрқашан жаныңнан
табылатын данышпан
кеңесшілер, сондай-ақ, олар
– сабырлы ұстаздар.

Чарльз Уильям Элиот





Білімнің қайнар бұлағы, сенің рухани
қазынаңның қайнар бұлағы — кітап. Өз
кітапхананды құра біл. Кітапты бір
оқып қанағат тұтпа, қайтадан оқы.



В.Сухомлинский

Кітап біздің ең
соңғы досымыз, олар
бізді алдамайды,
сондай - ақ үнемі
жаныңнан табылады.

Эмиль Фагэ










Кітап - өмір ұстазы.
Сондықтан жастар
кітап оқуды
күнделікті әдет
қылуы тиіс. Кітап
оқымай өмірді білу,
білім алу мүмкін
емес.

Серке
Қожамқұлов



Бір реттік оқудан кейін
қайта оқуға арзымайтын
еңбек негізінде оқуға
жарамайды.

Макс Вебер

Білімге құмартып, кітапты бүкіл
жан дүниенмен сүй. Ол сенің ең
жақсы досың ғана емес, өміріңнің
ақырына дейін сенімді серігің де.

М.А.Шолохов



Ақылы жоқ адаммен
араласқанша, жақсы
кітап оқыған мың артық.

Михаил Литвак



Кітапты сүйіңдер! Ол сендердің өмірлеріңді жеңілдетеді. Ол сендерге адамды және өздеріңді қадірлеуді үйретеді. Ол ақыл-ойыңды, жүрегіңді, дүниеге, адамға деген махаббат сезіміне бөлейді.



Жақсы кітап оқымайтын адамның кітап оқи алмайтын адамнан еш артықшылығы жоқ.

Марк Твен

** Үнемі өзіңізбен бірге кітап ала жүріңіз! Егер сәмкеңізде кітап болса, онда кезек күткенде ұялы телефоныңызда «отырмайтыныңыз» немесе бос қиялдамайтыныңыз анық. Күтетін уақытыңызды кітаппен өткізсеңіз, сіз оқыған кітаптар тізімі артары хақ.*



Кітапты құрметтеу қажет, осынау үй күмбезіне қастер тұтып кіру қажет.

Александр Иванович Герцен



